

# Сыбайластықшы

ҚАЗАҚСТАН  
РЕПУБЛИКАСЫ  
АСТАНА

Издаётся с 1 января 1991 года

Жемқорлық - жегі құрт

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРЛОСКАЯ СМЕТКА

директор брыноасары

16 октябры  
2020 года

пятница

№ 42  
(1563)



## Сыбайластықпен күресу - ортақ іс

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп - өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға тетеіп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа да-мушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі - парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан

бурын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үдесінен шығатынымыз сөзсіз.

Жемқор адамдарды халық алдында өшкерелеп, жазасын беруде. Бірақ ол жеткіліксіз. Олардың көзіне түспей, жалтарып кетушілер де баршылық. Сондықтан халық болып жұмылып, олардың жоғалын кесу керек. Ол үшін халықтың бірлігі, ынтымағы жағасы жайлау ол бір көл, берекесіз болса ел-құлазыған ол бір шөл». Елдің бірлігі қашанда жеңіске жетеді. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса жетіске жететіміз анық. Қазірде үкіметіміз осындай бірлікке шақыруда. Құдайға шүкір, біздің еліміздің бірлігі берік, ынтымағы жоғары. Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы халықтың бірлігін әр уақытта мақтан етіп, ризашылығын білдірген сөздері дәлел. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - дейді халық. Ұлыдасып жемқордың жоғалын кесіп, олардың өріс алуына жол бермеу қажет. Бұл жолда жастардың орны бөлек. Қоғам алға даму үшін жастардың ынтымағы, қайрат-жігері қажет. Қоғамды алға апаратын-жастар. Келешек жастар үшін қызмет атқарып, оларға сенім артады. Үкіметіміз: «Біз жастарға сенеміз»-деп жастардың өртүрлі ұйымдарына қолдау білдіріп, келеді. Біздің еліміз демократиялы ел болу жолында қызмет етіп келеді. Ал демократиялы елде жемқор болуы мүмкін емес. Біздің еліміз дамыған отыз елдің қатарына жету жолында күресіп, сол жолда еңбек етуде. Ал дамыған елдің сана сезімі жоғары, басқа елдерге үлгі болуы қажет.

«Еркетай» себилер - балабақшасы